3246

30.07.18г. № 05-07/3659

КББ корпорациясы

Сіздің 10.07.2018ж. № 18198 хатаңызға

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" ШЖҚ РМК-мен № 2632204-1 «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің №6 оқу ғимаратына өңдеу жұмыстарын жүргізу» конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілген болатын.

"Izet Құрылыс" ЖШС-гі және "Арай" ЖШС-гі әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу қатысуға жіберілуі негіздемесіне қатысты.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (*әрі қарай - Заң*) 21 бабының 2 тармағының 21 тармақшасына сәйкес, конкурстық құжаттамада осы Заңның 9-бабында белгіленген біліктілік талаптарынан басқа, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшелігі қамтылуға тиіс.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (*әрі қарай - Қағида*) 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алудың нысанасы №6 оқу ғимаратына өңдеу жұмыстарын жүргізу болып табылады, яғни жобалау-сметалық құжаттаманы талап етпейтін жұмыстар қатарын жатады. Осыған орай, тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу веб-порталында материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарысыз техникалық ерекшелігі орналастырылған.

Бұдан басқа, Заңның 9 бабының 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның ескертудің 1 тармағына сәйкес, құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады.

"Izet Құрылыс" ЖШС-гі және "Арай" ЖШС-гі әлеуетті өнім берушілермен өз біліктілік талаптарын растау мақсатында Біліктілігі туралы мәліметтерде рұқсаттың (лицензия) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензия) бар екені туралы мәліметтері көрсетілген.

Осыған орай, конкурстық комиссияның "Izet Құрылыс" ЖШС-гі және "Арай" ЖШС-гі әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама талаптарына және біліктілк талаптарына сәйкес деп тану шешімінде мелекеттік сатып алу заң талаптарының бұзылуы фактілері орын алмаған.

Заңның 21-бабының 4-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді дұрыс есептемеуіне қатысты.

09.07.2018ж. № 2349706 қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, конкурстық комиссиямен жұмыс тәжірибесі бар болғаны үшін "Izet Құрылыс" ЖШС-гі және "Арай" ЖШС-гі әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарына сәйкесінше 5% және 2,5% мөлшерде шартты жеңілдіктер берген.

Заңның 21 бабының 4 тармағына сәйкес, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін есептеу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалады.

Қағиданың 153 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, Заңның 21-бабының 4-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Қағиданың 155 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 2 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші растайтын құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемін көрсетеді.

Әлеуетті өнім беруші "Арай" ЖШС-мен берілген біліктілк туралы мәліметтерінде 2008ж., 2009ж., 2010ж., 2011ж., 2012ж., 2013ж., 2014ж., 2016ж., 2017ж. ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса берілген.

Әлеуетті өнім беруші "Izet Құрылыс" ЖШС-мен берілген біліктілк туралы мәліметтерінде 2013ж., 2014ж., 2016ж. ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса берілген.

Арай" ЖШС-гі В представленных потенциальным поставщиком ТОО сведениях о квалификации указан объем выполненных потенциальным поставщиком работ, аналогичных (схожих) закупаемым на конкурсе, с приложением электронных копий подтверждающих документов за 2008г., 2009г., 2010г., 2011г., 2012г., 2013., 2014г., 2016г., 2017г.

Осыған сәйкес, Заңның 21-бабының 4-тармағының талаптары бұзылып, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын,

конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді дұрыс есептелмеген.

Конкурстық комиссиямен конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес, жұмыс тәжірибесі бар болған үшін шартты жеңілдіктер төмендегідей есептелуі қажет:

- "Izet Құрылыс" ЖШС-не – 3,6%;
- "Арай" ЖШС-не – 10%.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" ШЖҚ РМК-на анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама енгізілгендігін хабарлайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бақылау қорытындысы бойынша, Сіздің арызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз ішінара расталды.

Арызыңызды қарастыру нәтижесі бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым түсіруге құқылы екеніңізді қаперіңізге береміз.

Басшы орынбасары **Б. Бөгембаев**

орын.: К.Тлеубердиева, тел.: 8/727/279-40-89